

ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

Осы Құпиялылық саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Ibro films (Айбро филмс)», БСН 180440011034), Қазақстан, Алматы қ., ҚАЗЫБЕК БИ к-сі, 183-үй, 37-пәтер (офис) мекенжайы бойынша тіркелген Жауапкершілігі шектеулі қоғаммен (бұдан әрі – «Провайдер») әзірленді және <https://kinoqazaqsha.kz/policy.pdf> мекенжайы бойынша Интернет ғаламдық желісінде орналастырылған Пайдаланушы келісімі шартында (бұдан әрі – Келісім) «KinoQazaqsha» сервисіне (бұдан әрі – Сервис) қолжетімділікті алу және қолдану процесінде Пайдаланушылардың Провайдерге беретін ақпаратына қатысты қолданылады. Пайдаланушының Сервисті қолдану фактісі - оның осы Саясат шарттарымен толықтай және сөзсіз келісуін білдіреді. Осы Саясат шарттарымен келіспеген жағдайда, Пайдаланушы Сервисті қолдануды тоқтатуға міндетті.

Пайдаланушылардың жеке деректерін жинау, өңдеу және қорғау шарттары:

1. Провайдер, ҚР заңнамасына сәйкес оператордың функциясын орындай отырып, Пайдаланушыдан мынадай жеке ақпараттарды сұратуға құқылы: электронды пошта мекенжайы, ұялы телефон нөмірі, Сервиске қолжетімділік үшін логин және құпиясөз туралы ақпарат, Пайдаланушыға бұрынырақта берілген Видеоконтентті қолдану құқықтары туралы ақпарат.

2. Пайдаланушы Сервисті қолдану процесінде Провайдерге Пайдаланушы туралы мынадай ақпарат автоматты түрде беріледі: Пайдаланушы Құрылғысының IP-мекенжайы, Cookies ақпараты, Пайдаланушы Құрылғысының орналасқан орны туралы ақпарат, Пайдаланушының Интернет-браузері туралы ақпарат (немесе Сервиске қолжетімділікті жүзеге асыратын басқа да қосымшалар), Сервиске қолжетімділік уақыты, сондай-ақ Сервиске қолжетімділікті жүзеге асыратын Пайдаланушының Құрылғысы туралы техникалық ақпарат (онымен бірге Құрылғының сәйкестендіру нөмірі, Құрылғының моделі, Құрылғының шыққан жылы, Құрылғыда орнатылған бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқасы).

3. Пайдаланушы Провайдердің Пайдаланушылар туралы қаржылық ақпаратты алмайтыны туралы хабарландырылған. Сервисті қолдану барысында төлемдерді жүзеге асыру үшін Пайдаланушымен берілетін барлық қаржылық ақпарат Сервиске көрсетілген төлем делдалдарымен жиналады және өңделеді.

4. Сервисті қолдану барысында Провайдер Пайдаланушылардан атын, тегін және әкесінің атын сұратпайды. Кей жағдайларда Сервисті қолдану барысында Пайдаланушы Провайдерге немесе Сервистің белгілі бір мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін Провайдермен тартылған тұлғаға жеке жүгінген жағдайда аталған ақпаратты беруі мүмкін.

Пайдаланушының паспорты деректері немесе жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі Пайдаланушымен Келісімнің 6.27. тармағында белгіленген тәртіпте ғана беріледі.

5. Пайдаланушы Провайдерге өзінің жеке деректерін бере отырып, Провайдердің оларды мына мақсаттарда өңдеуіне келіседі:

5.1. Сервиске қолжетімділікті беру, оның ішінде мыналар үшін:

- Келісімді жасасу және орындау мақсатында Пайдаланушыны сәйкестендіру;
- Сервисті қолдау қызметімен Пайдаланушылар сұраныстарын өңдеу, оның ішінде осы Саясат шарттарына сәйкес үшінші тұлғалармен Провайдердің тапсырмасы бойынша жүзеге асырылатындары бар. Сервисті қолдау қызметімен Пайдаланушының сұраныстарын өңдеу мақсатында, Пайдаланушы оның сұраныстарындағы жеке деректерді «Ibro films (Айбро филмс)» (БИН 180440011034) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің заңды тұлғаларының өңдеуіне келіседі;
- Пайдаланушының банк картасының есепшотына ақшалай қаражаттың қайтарылуын жүзеге асыру;
- ақпараттық хабарламалардың жолдануы (мысалы, Пайдаланушының Есеп жазбасына қолжетімділік құпиясөзін қайта қалпына келтіру үшін);
- алаяқтықты және Сервисті заңсыз қолдануды болдырмау және анықтау ;

5.2. Сервисті жақсарту мақсатында Пайдаланушының ықыластарын талдау және зерттеу;

5.3. Провайдердің немесе «Ibro films (Айбро филмс)» (БИН 180440011034) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Провайдер кіретін компания тобы) Сервис туралы, Провайдер мен оның серіктестері жүргізетін маркетингтік, жарнамалық және өзге де іс-шаралары, сондай-ақ Сервиске қолжетімділік беру шарттары бойынша Пайдаланушыға дербес ұсыныстар жөнінде жаңалықтары мен жарнамалық ақпараттары жіберілімдері;

5.4. Провайдермен немесе уәкілетті үшінші тұлғалармен деперсонализацияланған деректер негізінде статистикалық және маркетингтік зерттеулер жүргізу;

5.5. Сервисті қолдану сапасы мен қолайлығын жақсарту, тиімділігін арттыру, Провайдердің жаңа сервистерін әзірлеу.

6. Жеке деректерді өңдеу деген автоматизация құралдарын қолданумен жасалатын және жеке деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту), шығару, қолдану, үшінші тұлғаларға беру, дара биліктен айыру, бұғаттау, кетіру, жоюды қоса алғанда, жеке деректермен мұндай құралдарды қолданусыз кез келген әрекет (операция) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығын білдіреді.

7. Провайдердің Пайдаланушылардың жеке деректерін өңдеудегі құқықтық негізі болып табылатындар:

- Пайдаланушының келісімі;
- Келісімді жасасу, орындау, өзгерту немесе тоқтату;
- Пайдаланушының құқықтары мен еркіндігі бұзылмаса, Провайдердің немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру;
- Провайдерге заңнамамен жүктелген міндеттердің орындалуы.

8. Пайдаланушылардың жеке ақпараттарын өңдеу және қорғау шарттары:

8.1. Провайдер Пайдаланушылардың жеке ақпаратын осы Саясаттың 5-тармағында көрсетілген мақсатта қолданады.

8.2. Провайдер Пайдаланушының берген жеке ақпаратына қатысты құпиялылықты қамтамасыз етуге міндетті.

8.3. Провайдер Пайдаланушының берген жеке ақпаратын, ҚР қолданыстағы заңнамасымен көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік және құқық қорғау органдары талабын және Келісім бойынша Провайдердің өз міндеттерін тиісті түрде орындауы үшін талап етілген және жеке деректерді өңдеу мақсатына жету жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғаларға ашпайды.

8.4. Провайдер Пайдаланушылардың жеке ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қолжетімділіктен, жойылудан, өзгеруден, бұғатталудан, көшірілуден және таратылудан қорғау үшін барлық қажетті техникалық шараларды қамтамасыз етуге міндетті.

Пайдаланушылардың жеке деректерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету Провайдердің мынадай талаптарды іске асыруымен жүргізіледі:

1) Пайдаланушылардың жеке деректері қауіпсіздігі қатерін Провайдердің жеке деректер ақпараттық жүйесінде өңдеу барысында анықтау;

2) жеке деректерді қорғауға қойылатын талаптарды орындау үшін қажетті болып табылатын, орындалуы жеке деректердің қорғалуының белгіленген деңгейін қамтамасыз ететін, Провайдердің жеке деректер ақпараттық жүйесінде өңдеу барысында Пайдаланушылардың жеке деректері қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қолдану ;

3) Провайдердің белгіленген тәртіпте сәйкестікті бағалау процедурасынан өткен ақпараттарды қорғау құралдарын қолдануы;

4) Провайдердің жеке деректер ақпараттық жүйесін пайдалануға енгізуге дейін Пайдаланушылардың жеке деректері қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Провайдердің қабылдайтын шараларының тиімділігін бағалау;

5) Пайдаланушылардың жеке деректерінің машиналық тасымалдауыштарын есепке алу;

6) Пайдаланушылардың жеке деректеріне санкцияланбаған қолжетімділік фактілерін анықтау және шаралар қабылдау, оның ішінде Провайдердің жеке деректер ақпараттық жүйесіне компьютерлік шабуылдарды анықтау, алдын алу және салдарын жою және олардағы компьютерлік қақтығыстарға әрекет ету бойынша шаралар қабылдау;

7) Пайдаланушылардың санкцияланбаған қолжетімдік салдарынан модификацияланған немесе жойылған жеке деректерін қалпына келтіру;

8) Провайдердің жеке деректері ақпараттық жүйесінде өңделетін Пайдаланушылардың жеке деректеріне қолжетімділік қағидаларын бекіту, сондай-ақ Провайдердің жеке деректері ақпараттық жүйесіне Пайдаланушылардың жеке деректерімен жасалатын барлық әрекеттерді тіркеу және есепке алу;

9) Провайдердің жеке деректер ақпараттық жүйелерінің қорғалу деңгейін және жеке деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қабылданатын шараларды бақылау;

9. Пайдаланушыларға ыңғайлылық және Сервистің дербестігі үшін Провайдер Cookies (сайтқа бұған дейін кіру туралы деректері бар файлдар) қолданады. Провайдер өз браузерін баптағанда Cookies сақталуына тыйым сала алады.

Пайдаланушы осы арқылы Сервисті қолдануды бақылау, статистиканы қалыптастыру, берілген артықшылықтарды және басқа да ақпараттарды Пайдаланушы Құрылғысында сақтау, бір ақпаратты Сервис формасында бірнеше рет енгізу үшін қажетті болып табылатын Пайдаланушылар уақытын үнемдеу, сондай-ақ Пайдаланушы Сервиске келесі кіру барысында мазмұнның көрінуі мақсатында Cookies жинау, талдау және қолдануға келісім береді.

10. Провайдер Пайдаланушының IP-мекенжайы туралы ақпаратты алады. Бұл ақпарат Пайдаланушының жеке басын анықтау үшін қолданылмайды.

11. Провайдер Сервисті қолдау қызметімен Пайдаланушылардың сұраныстарын өңдеу мақсатында Пайдаланушымен телефонмен сөйлесуді жазуды жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте Провайдер телефонмен сөйлесу барысында алынған ақпаратқа санкцияланбаған қолжетімділіктің және/немесе оны ҚР заңнамасына сәйкес, Келісімді орындауға тікелей қатысы жоқ, үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінің болмауын қамтамасыз етуге міндетті.

12. Жеке деректер туралы Заңға сәйкес, Провайдер Қазақстан Республикасындағы деректер базасын қолданумен Пайдаланушылардың жеке деректерін жазуды, жүйелендіруді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңарту, өзгерту), шығаруды қамтамасыз етуге міндетті.

13. Пайдаланушы өзінің Есептік жазбасында оларға берілген жеке деректерді кез келген сәтте өзгерте/жаңарта алады.

14. Пайдаланушы Провайдерге қағаз не электронды түрде өтініш жолдай отырып, оның жеке деректерін өңдеуге келісімді кері қайтара алатыны туралы хабарландырылған.

15. Осы Саясатта қолданылатын Терминдер Келісімде көрсетілген анықтамаларға сәйкес түсіндіріледі.

2021 жылдың 18 наурызы